

Жаңалық релизi

Алматы уақытымен 12:00/ 0700 UTC 1 сәуір 2025 жыл дейін жариялауға эмбарго

# FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

## 2025 жылдағы өндірістің ең күрт өсуі

**Жаңа тапсырыстардың күрт ұлғаюы есебінен өндірістегі өсім жеделдеді**

**Сатып алу мен жұмыспен қамтудағы өсім артты**

**Жеткізу мерзімі 2019 жылдың қараша айынан бері алғаш рет қысқаруда**

Биылғы алғашқы тоқсанның қорытындысы бойынша Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібі саласы өсім аймағында қалды.

Бұған қоса, өндірістің, жаңа тапсырыстардың, жұмыспен қамту және сатып алу бойынша өсу қарқыны наурыз айында нығайды, ал бизнестегі сенім тоғыз айлық ең жоғары деңгейге жетті.

Баға тұрғысынан өндірістік шығындар инфляциясы жоғары қалпында қалды, бірақ ақпанға қарағанда баяулады, ал сату бағалары өткен айдағыдай қарқынмен өсті.


Freedom Holding Corp. ұсынған Қазақстанның Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы Іскерлік белсенділік индексі (PMI® – Purchasing Managers' Index™ немесе Сатып алу жөніндегі менеджерлер индексі™) ақпандағы 52,1 мәнінен 52,7 мәніне дейін өсті, бұл 2025 жылғы алғашқы тоқсанның соңында өңдеуші өнеркәсіп саласының айтарлықтау сауыққанын көрсетеді. Сонымен қатар операциялық ахуалдың жақсаруы да соңғы уақыттағы ең елеулі көрсеткіш.

Наурыз айының деректері көрсеткендей, клиенттер тарапынан сұраныс артып, жаңа тапсырыстар айтарлықтай өскендіктен компаниялар пайда көрді. Сонымен қатар жаңа тапсырыстар ауқымының өсу қарқыны үш айдағы ең жоғары деңгейге жетті.

Жаңа тапсырыстардың артуы өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс көлемінің он үшінші ай қатарынан өсуіне негізгі фактор болды, сондай ақ, компаниялара да жаңа және жаңартылған жабдықтар өндіріс әлеуетін арттырғанын атап өтті. Өндіріс көлемі 2025 жылдағы ең жедел өсімді көрсетті.

Жаңа тапсырыстардың ұлғаюы және әлеуеттің артуы алдағы жылы да өндірістің өсуіне қолдау көрсетеді деп

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дерек 2025 ж. 10-24 Наурыз аралығында жиналған.

Дереккөз: Freedom Holding Corp. S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

### Пікір

Ерлан Әбдікәрімов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp. 100% еншілесі) Қаржылық талдау департаментінің директоры:

“Наурызда Қазақстанның өңдеуші секторына деген сенім қайта артты, PMI соңғы он екі айда төртінші рет ең жоғарғы көрсеткішке жетті. Өндірістегі негізгі факторлардың оң динамикасына қарамастан, нарыққа қатысушылардың сенімі бұрынғысынша өткен жылдың соңындағы деңгейден төмен. Наурыздағы өсудің негізгі драйверлері жаңа тапсырыстардың және ағымдағы сұраныстың белсенді қалпына келуі болды, бұл кадр санының айтарлықтай артуы, сатып алулар мен өндірістің ұлғаюы және сонымен бір мезгілде дайын өнім қорының анағұрлым қарқынды азаюы. Жеткізу мерзімі бес жарым жыл ішінде алғаш рет пессимистік аймақтан шықты. Ақпанға қатысты біршама әлсірегеніне қарамастан, жоғары инфляциялық қысым өзекті болып отыр: сатып алу бағасының өсу қарқыны соңғы 17 айда екінші рет ең жоғары деңгейде, ал сату бағасының өсу қарқыны соңғы 6 айдағы екінші ең жоғары деңгейде қалып отыр. Нарық қатысушыларының алдағы 12 айға болжамы тым төмен болса да, өсім бар, бұл – салада оптимистік көзқарастың басым екенін көрсетеді.”



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

болжануда. Бизнесінің сенімі үш ай қатарынан нығайып, 2024 жылдың маусым айынан бергі ең жоғары деңгейге жетті және орташа көрсеткіштен жоғары болды.

Өндірушілер өндірістік қажеттіліктерді еңсеру мақсатында штат санын ұлғайтуды жалғастырды. Жұмыспен қамту 13 ай қатарынан өсті және желтоқсан айынан бергі ең жедел қарқында жүрді.

Жұмыс орындарының тұрақты өсуі компанияларға соңғы үш айда аяқталмаған жұмыс көлемін алғаш рет азайтуға көмектесті, бірақ тек мардымсыз көлемде. Кей жағдайларда өндірушілер жаңа тапсырыстарды орындау үшін дайын өнім қорларын пайдаланды. Салдарынан, ақпан айында өсім көрсеткен дайын өнім қорлары наурыз айында сарқыла бастады.


Бір жағынан сатып алу қорлары тоғыз айдан бері алғаш рет өсті, бұл — болашақта пайдалануға арналған қорды қалыптастыру әрекетінің жемісі. Алайда өсім елеусіз деңгейде болды.

Компаниялар жаңа тапсырыстардың ұлғайғанын атап өткендіктен, наурыз айында сатып алудағы белсенділік айтарлықтай өскені байқалды. Өсу қарқыны өткен аймен салыстырғанда сәл артты.

Сонымен қатар тасымалдаушылардың жеткізу мерзімі бес жарым жылдан бері алғаш рет жақсарды, сауалнамаға қатысушылар ауа райының және логистика жағдайларының жақсарғанын хабарлады. Дегенмен тасымалдаушылар үшін логистика күрделі болып қала берді, ал жеткізу мерзімі елеусіз ғана қысқарды.

Инфляция қарқыны ақпан айымен салыстырғанда баяулағанына қарамастан, өндірушілер өндіріс шығындарының күрт артқанын байқады. Респонденттер жанармай, майлау материалдары, шикізат және коммуналдық қызмет құны өскенін атап өтті.

Өндіріс шығындарының көтерілуі тұтынушылар үшін сату бағасының қымбаттауына алып келді, сөйте тұра инфляция қарқыны өткен айдан бері өзгерген жоқ.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

## Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбікәрімов  
Қаржылық талдау  
департаментінің директоры  
Freedom Finance Global PLC  
[Yerlan.abdikarimov@ffin.kz](mailto:Yerlan.abdikarimov@ffin.kz)  
Freedom Holding Corp.

Эндрю Харкер  
Экономика жөніндегі  
директор  
S&P Global Market Intelligence  
T: +44 (0) 1491 461 016  
[andrew.harker@spglobal.com](mailto:andrew.harker@spglobal.com)

Қоғаммен байланыс  
департаменті  
Freedom Finance Global PLC  
[pr@ffin.kz](mailto:pr@ffin.kz)  
Freedom Holding Corp.

Корпоративті коммуникация  
жөніндегі маман  
S&P Global Market Intelligence  
[press.mi@spglobal.com](mailto:press.mi@spglobal.com)

Егер S&P Global жаңалықтар релизін алғыңыз келмесе [press.mi@spglobal.com](mailto:press.mi@spglobal.com) поштасына хабарлаңыз. Біздің құпиялық саясатымыз туралы [осы тұстан](#) оқыңыз.

## Әдістеме

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген. Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айналымы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш - Сату жөніндегі менеджерлер индексі™ (PMI). PMI - келесі бес индекстің орташа есептелген мәні. Жаңа тапсырыстар (30%), Өндіріс (25%), Жұмыспен қамту (20%), Жеткізіп беру уақыты (15%) және Сатылым қоры (10%). Жеткізіп беру уақыты бойынша PMI есептеу үшін өзге индекстермен салыстырмалы бағытта қозғалатындай етіп алмастырылады.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін [economics@spglobal.com](mailto:economics@spglobal.com) поштасына жазыңыз.

## S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

[www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi](http://www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi)

## Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдасқан деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.

## Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртарапандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

[www.freedomholdingcorp.com](http://www.freedomholdingcorp.com)

## S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

[www.spglobal.com](http://www.spglobal.com)